# МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ – САПАЛЫ ӘРІ ҚОЛЖЕТІМДІ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕК!

МІНДЕТТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ АРҚЫЛЫ ҚАНДАЙ ЖЕҢІЛДІККЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗЕСІЗ?

## Қолжетімді емделу

- өз таңдауыңыз бойынша Медициналық сақтандыру қорымен келісімшарт жасасқан кез-келген мемлекеттік не жекеменшік емханада медициналық көмек алу
- дәрігер қабылдауынан бастап, жан-жақты тексерулер, қымбат ота жасау қызметтері
- әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында көрсетілген қызметтер бойынша барлық шығынды Қор төлейді

## Сапалы медициналық көмек

- медициналық ұйымдарды қатаң іріктеу
- емханалар қызмет көрсету сапасын арттыруға мүдделі болмақ
- Қор күнделікті бақылау жүргізеді

## Тегін және қолжетімді дәрі-дәрмектер

- мемлекет белгілеген тізім бойынша тегін дәрі-дәрмектер алу құқығы
- дәрі-дәрмектер, олардың сапасы мен қауіпсіздігіне жауап беретін еліміздің барлық дәріханаларында қолжетімді
- әлеуметтік медициналық сақтандыру пакеті аясында Қор дәрі-дәрмек құны мен дәріханалар қызметін өтейді

## Сіздің құқығыңыз бен мүддеңізді қорғайды

- емдеуден бас тартқан не тиісті қызмет көрсетілмеген жағдайда Қорға жүгіну
- Қор емделушінің құқығы мен мүддесін қорғау мақсатында сараптама тағайындап, нәтижесінде тиісті шара қолданады

## Денсаулығыңыз бен ағымдағы жай-күйіңіз жайлы толық ақпарат

- электрондық денсаулық сақтау порталының «жеке кабинеті» арқылы сақтандырылған тұлғаның мәртебесі, төленген жарналары туралы ақпаратқа қол жеткізу
- емханаларға баруыңыз жайлы ақпаратқа қол жеткізу

| САҚТАНДЫРУ ПАКЕТІ | Нені өтейді? |
|---|---|
| Амбулаториялық-емханалық көмек | емханалар қызметі, оның ішінде дәрігерлер қабылдауы, диагностикалық және лабораториялық зерттеулер, емханада және үйде емдеу, жүктілік ағымын, созылмалы ауруларды т.б. бақылау. |
| Жоспарлы стационарлық көмек | емделуші сырқаттанған және оның өміріне қауіп төндірмейтін жағдайларда ауруханаларда емдеу |
| Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету | дәрігерлер рецептілері мен бекітілген дәрі-дәрмек тізімдемесі бойынша |
| Мейіргерлік күтім | ауыр сырқатқа ұшыраған, өзіне-өзі қызмет көрсету мүмкіндігінен айырылған, үдайы сырттан күтім мен қарауға мұқтаж жандарға көмек көрсету |
| Паллиативтік көмек | емдеуге жатпайтын аурулары бар емделушілердің өмір сүру сапасы мен жалпы жағдайын барынша жайлы етуге арналған медициналық және әлеуметтік көмек |

## ЕСТЕ САҚТАУ ҚАЖЕТ!

Мемлекет **тегін негізде** төмендегі медициналық көмектің түрлеріне (ТМККК) кепілдік береді:

- Жедел жәрдем және санитарлық авиация
- Әлеуметтік маңызы бар аурулар кезінде (онкологиялық аурулар, туберкулез, қант диабеті және т.б.) және шұғыл түрде көрсетілетін медициналық көмек
- Профилактикалық егулер

Барлық сақтандырылмаған азаматтар 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін емханалар қызметі мен дәрігерлердің рецептісі бойынша дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі — мемлекет есебінен тегін!

## ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА ЖАРНАНЫ КІМ ТӨЛЕЙДІ?

- Мемлекет
- Жұмыс берушілер
- Жалдамалы жұмыскерлер
- **Өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар – 2017 жылғы 1 шілдеден бастап**

## ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫҒАН ТҰРҒЫНДАР:

- жеке кәсіпкерлер
- жеке нотариустар
- жеке сот орындаушылар
- адвокаттар
- кәсіби медиаторлар
- азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар

## ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУШЫЛАРДЫҢ АЙ САЙЫНҒЫ ЖАРНАСЫ:

**2017 жылы азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғаларды санамағанда (олардың жарнасы кірістің 5%-ын құрайды), жарналар 2 АЕК-тің 5%-ын не 2 445 теңгені құрайды**

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЕМЕС ТҰРҒЫНДАР:

- жеке қосалқы шаруашылық иелері
- үй шаруасындағы әйелдер
- шаруа қожалығы мен отбасылық кәсіпкерліктің және т.б. ақысыз жұмыс істейтін адамдары

## ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ЕМЕС ТҰРҒЫНДАРДЫҢ АЙ САЙЫНҒЫ ЖАРНАСЫ:

**2018 ЖЫЛЫ 1 АЕК-ТІҢ 5%-ЫН НЕМЕСЕ 1 414 ТЕҢГЕНІ ҚҰРАЙДЫ**

**Төлемді ай сайын не бірден бір жылға төлеуге болады**

- Жеке кәсіпкерлер, оған теңестірілген барлық тұлғалар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар жасасқан жеке тұлғалар банктер арқылы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының шотына (барлық әлеуметтік аударымдар сияқты) 121 КТС нөмірімен аударымдарды жүзеге асырады.

FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ FMS.KZ

## МЕМЛЕКЕТ КІМ ҮШІН ТӨЛЕЙДІ?

- Балалар
- Жұмыссыз ретінде тіркелген адамдар
- Жұмыс істемейтін жүкті әйелдер
- Бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оны (оларды) іс жүзінде тәрбиелеп отырған жұмыс істемейтін адамдар
- Бала (балаларды) тууға, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты, бала (балалар) үш жасқа толғанға дейін оның (олардың) күтіміне байланысты демалыста жүрген адамдар
- 18 жасқа дейінгі мүгедек балаға күтім жасайтын жұмыс істемейтін адамдар
- Зейнетақы алушылар, оның ішінде Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері
- Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде (қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерді қоспағанда) сот үкімі бойынша жазасын өтеп жүрген адамдар
- Тергеу изоляторларындағы адамдар
- Жұмыс істемейтін оралмандар
- Мүгедектер
- "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен наградталған немесе бұрын "Батыр ана" атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен наградталған көп балалы аналар
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында білім алып жатқан адамдар
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім беру, сондай-ақ жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысанында оқуды аяқтаған айдан кейінгі күнтізбелік үш айдың ішінде оқуын аяқтаған адамдар

**Мемлекет Медициналық сақтандыру қорына 10,1 млн қазақстандық үшін жарна төлейді**

## 2018-2019 Ж.Ж. ЖАРНАЛАР МЕН АУДАРЫМДАР МӨЛШЕРЛЕРІ




### ТОЛЫҚ АҚПАРАТТЫ ТӨМЕНДЕГІ НӨМІРЛЕР АРҚЫЛЫ БІЛЕ АЛАСЫЗДАР:

МӘМС мәселелері бойынша халыққа кеңес беру жөніндегі облыстардағы Call-орталықтар:

Ақмола........8 8000 806 481
Алматы........8 8000 808 828
Батыс Қазақстан........8 7112 240 006
Қарағанды........8 7212 955 559
Қостанай........8 7142 393 777
Қызылорда........8 7242 400 001
Маңғыстау........8 7292 303 060
Павлодар........8 7182 662 499
Солтүстік Қазақстан........8 800 0808 103
Шығыс Қазақстан ........8 7232 701131
Оңтүстік Қазақстан........8 7252 545 075
Жамбыл........8 7262 555 160
Алматы қ. ........8 7273 000 103
Қазақстан бойынша: ........8 800 0808 887 (тегін қоңырау)

**Бірыңғай байланыс орталығы – 1434**

fsmskz@gmail.com www.facebook.com/fondosms/

## ӨЗІН-ӨЗІ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ: ӘР АДАМ БІЛУГЕ ТИІС!

**БІЗ СІЗДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫҢЫЗ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІЗ!**



2017